


ЗИЯТКЕР ҰЛТ ТӘРБИЕЛЕУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлтжанды, отаншылдық рухы биік, зияткер ұлт тәрбиелеу — маңызды міндет. Себебі, нағдық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитеті қалыптасқан саналы ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің ертеңін қалыптастырамыз.



XXI ғасыр білім мен интеллект ғасыры екені айдан анық. Яғни, біз өмір сүріп отырған кезеңде еліміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын, бір сөзбен айтқанда, болашақ дамуын интеллектуалды адам капиталы анықтайды. Жаппай жаһандану дәуірі қоғам дамуының жаңа талаптары мен міндеттерін алға тартуда. Ғылыми-техникалық үрдістердің жылдам қарқынмен дамуы қоғамдық сананы өзгертті. Білім мен ғылымның қоғаммен байланысы мүлде жаңа арнаға ауысты. Міне, сондықтан да қазіргідей ақпарат тасқынына адасып кетпей, бәсекелестік көшіне ілесу үшін интеллектуалды ұлт қалыптастырудың маңызы зор болып отыр.

Зияткер ұлт қалыптастыру — ол жастарымызды жаңа формацияға тәрбиелеу. Ал, ол үшін негізгі үш бағытта әрекет ету қажет. Бірінші бағыт — білім беру сапасын заманауи талаптарға сай дамыту. Екінші бағыт — ғылымды дамыту және ғылыми әлеуетті арттыру. Үшіншісі, инновациялық даму жүйесіне басымдық беру. Осы мәселелердің қаншалықты өзекті екенін оқу-ағарту саласындағы өзгерістен ақ байқауға болады. Яғни, білім мен ғылымды қарқынды дамыту үшін бытыр ҚР Білім және ғылым министрлігі екіге бөлініп, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі болып қайта құрылды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жоғарыда аталған бағыттарды негізге ала отырып, білім беру процесіне түрлі жаңалықтар енгізуде. Әсіресе, химиялық инженерия және

биотехнология жоғары мектебінде екінші бағыт бойынша тиімді жұмыс жүргізіліп келеді. Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұранысына сай толықтырылып, зертханалар түрлі тәжірибені сынақтан өткізу үшін заманауи құрал-жабдықтармен қамтылып, теория мен тәжірибені ұштастыруда дуальді білім беру жүйесі сәтті түрде қолданылып отыр.

Мемлекеттің интеллектуалды әлеуетінің негізі және басты көрсеткіші сапалы білім мен сындарлы ғылым десек, жоғары оқу орындары еліміздің білікті кадрларын қалыптастыратын және интеллектуальды әлеуетін дамытатын орта болып табылады. Бұл жүйе қаншалықты тиімді жұмыс істесе, еліміз саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да тұрақты түрде дамиды деп сенемін. Бүгінгі экономика интеллектуалды еңбекке негізделген. Ал, интеллектуалды еңбектің қозғаушы күші — жастар. Сондықтан саяси тұрғыдан жаңарған Қазақстанда рухани дүниесі бай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің ертеңіне бей-жай қарамайтын, кәсіби шеберлігі жоғары, технологиялық процестерді меңгерген жан-жақты, зияткер ұлт тәрбиелеу — әрбір ұстаздың міндеті деп санаймыз.

**Мырзабай
НАРМАНОВ,
М.Әуезов
атындағы ОҚУ
«Химия және
фармацевтикалық
инженерия»
кафедрасының
доценті, химия
ғылымдарының
кандидаты**